

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 маусымдағы N 832 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 3) тармақшасына сәйкес, экономиканы әртараптандыру мен үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы процестерін үйлестіру және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі реттеу және оның тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар :

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін, тұрғын үй қатынастарын және коммуналдық шаруашылықты мемлекеттік басқару саласындағы функциялар мен өкілеттіктер беріле отырып, Агенттікті бөліп шығару ж о л ы м е н ;

оның кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функцияларын Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне бере отырып ;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі оның: ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамыту жөніндегі функциялары Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне; елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялары Агенттікке беріле отырып;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі оның ЖЭО және қуаты 100 Гкал/сағат және одан жоғары орнатылған қазандықтардан басқа, электрмен жабдықтау (0,4 кВт электр желілік объектілер), жылумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын пысықтау жөніндегі функциялары Агенттікке беріле отырып, қайта ұйымдастырылсын.

2. Мыналар :

1) Агенттікке елді мекендер шегінде тұтынушыларды газбен жабдықтау салаларындағы және коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік реттеу саясатын әзірлеу жөніндегі функция;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өзге мемлекеттік органдардың құзыретіне жатқызылмаған жоғары технологиялы сервистік индустрияны

дамыту саясатын әзірлеу жөніндегі функция берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетін оның функцияларын құрылатын Агенттікке бере отырып таратсын;

2) Қазақстан Республикасының таратылатын және қайта ұйымдастырылатын мемлекеттік органдарының штат санын қайта бөлуді қамтамасыз етсін ;

3) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Агенттік Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің таратылатын Құрылыс және тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқоры болып айқындалсын.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығының 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі" .

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін .

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*